



**ЭКСКУРСИЯТАНУҒА  
КІРІСПЕ. XVIII-XIX Ғ.Ғ.  
ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ІСТІҢ  
ПАЙДА БОЛУЫ**

ЛЕКЦИЯ

# МАЗМҰНЫ

- 1.Әлемдік туристік-экскурсиялық қызметтің даму кезеңдері**
- 2.КСРО туристік-экскурсиялық қызметтің даму кезеңдері**
- 3.18-19 ғасырдағы экскурсиялық істің дамуы**

# САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ

**Білімділік:** туристік-экскурсиялық істің тарихымен танысу арқылы оның пайда болуының мәнін түсінеді.

**Тәрбиелік:** топпен жұмыс жасауға, ұйымшылдыққа баулу, ұжымдық ойлауын қалыптастыру, тыңдай білуге, сыни пікір айтуға үйрету, туристік-өлкетанулық іс-әрекетке деген кәсіби қызығушылығын ояту.

**Дамытушылық:** сала бойынша нақты әдебиеттер мен ақпарат көздерін зерттеуге, салыстыруға, ойын түйіндеуге, пікір айтуға, еркін сөйлеуге, тәжірибеде қолдануға, өз саласында кездесетін жағдайларды оңтайлы шешуге бағытталған шешімдер қабылдауға дағдыландыру.

**Кәсібилік:** сабақ бойынша алған теориялық білімін тәжірибеде қолдануға, өндірістік іс-әрекетте кедергісіз жұмыс жасауға, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бейімдеу, туристік өнімнің бөлігі ретінде экскурсиялардың рөлін біліп, тәжірибеде жүзеге асыру алғышарттарын меңгереді.

**Экскурсиялық іс – халық арасында таралған мәдени-ағарту жұмысының маңызды бөлігі. Алғашы экскурсияларға өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі себепші болған, яғни жиі діни жерлерге қажылық жасаумен байланысты болды. Жалпы айтқанда саяхаттар мемлекеттің түрлі кезеңдерінде әркелкі функцияларды атқарған, ол сол ғасырдың қызығушылығына, жетістіктеріне байланысты болды.**

**Қазірде экскурсия терминімен методика (әдістеме) арқылы алдын ала ойластырылған орынды, тарихи және мәдени ескерткіштерді көрсету, оның негізінде экскурсанттардың көз алдындағы нысандарға талдау жасай алу құбылысы байланысты. Бірақ экскурсияның негізін тек қана осымен түсіндіру дұрыс емес.**

**Экскурсия ұғымына түрлі басылымдарда соңғы 70 жылда берілген анықтамаларға тоқталайық:**

**Ең алғашқы түсінігін 1923 жылы М.П. Анциферов берген: «Экскурсия – бұл серуен, яғни өз мақсаты ретінде көруге қолайлы объекті, тақырыпты нақты материал арқылы зерттеу».**

**Экскурсиялық әрекеттің орнын мектептен тыс жұмыс ретінде сипаттай отырып, экскурсионист Л. Бархаш былай деген: «экскурсия – ол белгілі білім алудың көрнекілік тәсілі, алдын-ала өңделген тақырып арқылы нақты объектке бару кезінде тәрбие беру»**

**Уақыты бойынша ХХ ғасырда соңғы жарияланған анықтама келесідей: «Э. – оқудың, оқудан тыс жұмыстың ерекше формасы, оның барысында мұғалім-экскурсовод, оқушылар – экскурсанттар бірігіп, болып жатқан процестерді (завод, колхоз, тарихи ескерткіш, естелік орын, табиғат аясы т.б.) немесе арнайы мұражай, көрмелерді табиғи жағдайда бақылауы»**

Түрлі сөздіктерде, энциклопедияларда да «экскурсия» терминіне анықтамалар беріледі. Ең алғашқы түсінігін 1882 жылы В. Даль берген: «Э. – серуен, бір нәрсе іздеп шығу, шөп жинау, т.б.». Кіші совет энциклопедиясында (1913 ж.) былай түсіндіріледі: «Э. – бір жерге ғылыми немесе білім алу мақсатымен өндіріс орны, совхоз, мұражайларға, т.б топпен шығу».

Жоғары берілген анықтамалардың бәрі өз кезеңіндегі идеологияны, сол уақытқа сай көзқарастарды, экскурсияға жүктеген міндеттерді көрсетеді.

**Экскурсияның даму жолы оның мақсатының өзгеруіне байланысты. Алғашында экскурсия шипалы шөп іздеу, жинаумен сипатталатын практикалық міндеттерді іске асыратын серуен болып табылса, кейінірек оның алдында өлкетану мұражайларына экспонаттар тамашалау сияқты ғылыми міндеттер пайда болды.**

**Уақыт өте, экскурсиялар алдында жалпы білімді арттыру, тәрбие жұмысын тиімдендіру мақсаты пайда болып, нәтижесінде ол мәдени-ағарту құбылысына айналды. Қазіргі кезде экскурсия – тұтас, өзіне ғана тән функциялары мен белгілері, жеке методикасы (әдістемесі) бар сабақ.**

17-ғасырда Еуропада «таза туризм», К.Либере бойынша, танымдық, емдік немесе демалыс мақсатында жасаған тұлғаларды қамтыған формасы пайда болды. Сонымен қатар, Еуропада бұрынғыдай дінге табыну мен сауда мақсатындағы саяхаттар жалғаса берген. Бұл кездерде жолаушыларды тасымалдайтын негізгі көлік ретінде жайлы экипаждар пайдаланылды. Саяхатшылардың санының өсуіне қарай жол бойындағы түнеу, тамақтандыру, сауда орындарының қызметтері дамыды. Англия, Франция, Италия сияқты елдерде қонақ үй кәсібі мен шетелдіктердің келуіне байланысты табыстар ауқымды пайда әкелетін болды. 19-ғасыр туризм дамуы тарапынан ірге салушы кезең болып табылады. Тіпті, осы құбылысты анықтайтын «турист», «экскурсант» сөздері де осы ғасырдың басында пайда болды. Бұл туралы ағылшын жазушысы Педждің еңбегінде айтылған: «a traveler is nowadays called a tourist», яғни «қазірде саяхатшыны турист деп атайды».



**РЕСЕЙ МЕН БҰРЫНҒЫ КСРО ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІН ҰЛТТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ПАЙДА БОЛУ, НЫҒАЮ, ДАМУ ҮРДІСТЕРІНІҢ САТЫЛАРЫ ДЕП ТҮСІНЕМІЗ. ОНЫ БІЗ ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ БЕС КЕЗЕҢГЕ БӨЛЕМІЗ:**

**Бірінші кезең – ағарту кезеңі (1890 жылға дейін). Бұл кезеңде саны көп емес экскурсиялар, жорықтар, саяхаттар білім беру және ғылыми-географиялық, өлкетанулық ақпаратты жинау мақсатында өткізілген. Туризм мен экскурсиялардың үлкен жігі әлеуметтік бағдарламаларды орындауға септігін тигізген. Сондықтан оларды Ресейдің революциялық-демократиялық топтар мен зиялы қауымы ең үлкен көлемде пайдаланған. Туризмнің осындай әлеуметтік сипаты бүгінге дейін сақталып, ресейлік туризмнің Еуропа мен АҚШ туризмінен айырмашылығын көрсетті.**

**Екінші – кәсіпкерлік кезең (1890-1927 ж.) Ресейде капитализмнің дамуымен бірге басталды. Бұл кезде туристік инфрақұрылымның шапшаң дамуымен бірге туристік нарық қалыптаса бастады. Оның екі сегменті – элитарлық туризм мен интеллигенциялық экскурсиялық және рекреациялық туризмі анық байқалды. Көптеген туристік фирма, бюро, компания, клуб, қоғам пайда болды. Ресейдегі экономикалық және әлеуметтік қақтығыстарды одан сайын асқындырған және барлық ресурстарды қажет еткен I дүниежүзілік соғыс туризмнің қалыптаса бастаған ұйымдастырушылық-шаруашылық дамуын тоқтатты.**

Үшінші - ұйымдастырушылық-орталықтандырушы кезең (1927-1969 ж.). бұл кезеңнің басты ерекшелігі – идеологиялық функциялардың шаруашылық функцияларынан басым болуы. Туризмді тек большевиктер ғана идеологияландырды деуге болмайды: туризм мен экскурсиялардың әлеуметтік функцияларды 1917 жылға дейін болған барлық партиялардың – эсер, меньшевиктер, кадеттер, т.б. бағдарламалық құжаттарына енгізілген.

**Төртінші кезең – әкімшілік-нормативтік кезең (1969-1990 ж.) әлеуметтік туризмнің қарқынды дамуымен бірге батыс елдердегі туризм индустриясының қызмет көрсету стандарттарынан артта қалуы одан сайын айқын болуымен сипатталады. Осы кезеңнің оң нәтижелеріне ғылымның туризм мәселелеріне көңіл бөлуін, рекреациялық жобалау жүйесінің пайда болуын, жаңа мамандық-біліктілік құрылымы мен туризм саласы мамандарын даярлау жүйесінің қалыптасуын жатқызуға болады.**

**Бесінші – өтпелі кезеңде (1990 ж.бері) экономикалық реформалар жағдайында туристік шаруашылықтың жаңа тенденциялары: 1) рекреациялық қажеттіліктер құрылымының өзгеруі мен туристік нарық сегментациясының басталуы; 2) монополиялық туристік шаруашылықтың көпсалалы шаруашылыққа айналуы, шағын, орта туристік кәсіпорындарының қарқынды дамуы; 3) табиғи ресурстары мен мәдени мұраны экономикалық катынастар негізінде қолдануға көшу; 4) туристік шаруашылық функцияларын әкімшілік тарапынан реттеуден туристік нарықты жаңа заңнамалық негізінде экономикалық ынталандыруға көші белең алды.**

**1. Туристік-экскурсиялық қызметтің дамуын бірқалыпты үрдіс деп айтуға бола ма?**

**2. Экскурсиялық қызметті туристік қызметтің дамуымен қалай байланыстыруға болады?**

**3. Туристік-экскурсиялық қызметтің дамуын қандай кезеңдерге бөлеміз?**

**4. Әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін талдаңыз.**

Ғылыми әдебиетте КСРО туризмінің дамуы бірнеше кезеңге бөлінеді. Оның даму тарихын шартты түрде төрт үлкен кезеңге бөлуге болады: біріншісі – туризмнің ұйымдастырушылық құрылымының пайда болуы мен қалыптасуы (1917-1936 ж.), екіншісі – туризм мен экскурсиялардың кәсіподақтар қарамағына өткізу және туризм индустриясының алғышарттарын қалыптастыру (1937-1969); үшіншісі – туризмнің қарқынды дамуы, оның халыққа қызмет көрсетудің ірі саласына айналуы, бірақ қызмет сапасының батыс елдер туризм индустриясы стандарттарының артта қалуы (1970-1990 ж.); төртіншісі – посткеңестік, ТМД туризмі дамуының өтпелі кезең (1991 жылдан қазіргі күнге дейін). Осы кезеңде КСРО-ның бұрынғы одақтас республикалары жүргізген экономикалық реформалар жағдайындағы туристік шаруашылық дамуының жаңа тенденциялары орын алды. Алғашқы кезеңдер экскурсиялық және туристік қозғалыстың пайда болуымен, оның әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының және

Экскурсия белгілі бір білімді жеткізетін ағарту құбылысы ретінде сипатталады. Экскурсияның ерекшелігі – өздігінен қызмет жасай алуы және оқу процесімен байланыстылығы. Экскурсиялық қызмет қазіргі кезеңге дейін үлкен тарихи жолдан өтті. Әр тарихи кезеңде ол түрлі мәдени, экономикалық, ғылыми-техникалық мәселелерді шешті. Туристік саяхат ұзақ болғанымен, белгілі бір тақырып пен маршруттарда экскурсиялық қызмет көрсетеді. Сондықтан, туризм тарихына тоқталмай, экскурсияның даму тарихын айта алмаймыз.



Қазақтың алғашқы ғалымы Шоқан Уалиханов және сол заманның алдыңғы қатарлы азаматтары танымдық мақсатта экскурсиялар мен саяхаттарға шығып тұратын. Олар Әуесқой жаратылыстанушылар қоғамдастығы сияқты ғалымдар мен мұғалімдер арасында кішігір үйірмелер құрды. Олар қоршаған ортада таралған табиғат байлықтарын зерттеу мақсатында экскурсиялар ұйымдастырды.

Экскурсиялардың көпшілігіне скауттық қозғалыс үлкен серпіліс берді. Скауттар орманды және далалы жерлердегі жергілікті жағдайларға бейімделуді үйренді, өздерінің жазғы лагерлерінен радиалды экскурсияларға шықты, өз өлкелерінің тарихы мен географиясын зерттеді. Экскурсиялық қызметтің Ресей империясындағы дамуы 18-ғасырдың II жартысына тиесілі. Себебі, сол кезде алғашқы мұғалімдер Н.Н.Новиков пен В.Ф.Зуев балаларды табиғат аясына саяхатқа және экскурсияларға шығудың маңыздылығын түсіндіріп, тәжірибеге енгізді.

- 1.КСРО-дағы туристік-экскурсиялық қызметтің дамуын қандай кезеңдерге бөлеміз?**
- 2. КСРО-дағы туристік-экскурсиялық қызметтің дамуының әр кезеңінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.**
- 3.Скауттар дегеніміз кім? Олардың экскурсиялық қызметке араласуына не себеп?**
- 4. Қазақ өлкесін тану мақсатында экскурсиялар ұйымдастырған қазақтан шыққан тұңғыш ғалым кім?**

# ҮЙГЕ ТАПСЫРМА БЕРУ

## **Теориялық бағыт:**

**С.Р.Ердавлетов, А.Р.Жумадилов. Туризм тарихы. – Алматы: 2011, 122-128 бет. – «Туризмнің даму кезеңдері» - конспект.**

## **Практикалық бағыт:**

**С.Р.Ердавлетов, А.Р.Жумадилов. Туризм тарихы. – Алматы: 2011, 122-128 бет. – «Туризмнің даму кезеңдері» тақырыбы бойынша хронологиялық кесте құрастыру.**

## **Шығармашылық бағыт:**

**«Экскурсия тарихы» сөзіне сөзжұмбақ құрастыру.**